

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған облыстық "Ана тілі" бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылы 15 сәуірдегі N 33/11 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 6 мамырда N 3019 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған облыстық тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған "Ана тілі" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) б е к і т і л с і н .

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Тілдерді дамыту жөніндегі басқарма жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұ с ы н а т ы н б о л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Г. Досжанова

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Облыстық мәслихатының
(III сайланған XI кезектен тыс сессиясы)

2005 жылғы 15 сәуірдегі

"Тілдерді қолдану мен дамытудың
жылдарға арналған "Ана тілі"
облыстық бағдарламасы туралы"

N 33/11 шешіміне қосымша

**Тілдерді қолдану мен дамытудың
2005-2006 жылдарға арналған**

"Ана тілі" облыстық бағдарламасы

1. Паспорты

Атауы	Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған "Ана тілі" облыстық бағдарламасы
Әзірлеу негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 550 Жарлығы
Әзірлеуші	Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы
Мақсаттары	Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту ; орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау; этникалық топтардың тілдерін дамыту
Міндеттері	Мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретіндегі қолданылуын қамтамасыз ету; этникалық қауымдастықтар өкілдерінің ана тілін оқулары үшін қажетті жағдайлар жасау; барлық мемлекеттік органдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру және нақты мерзімдері көрсетілген кестені анықтай отырып мемлекеттік тілдің іс жүргізудегі негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету; мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми қолданылатын тіл ретінде орыс тілінің қызметін қамтамасыз ету; республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен азаматтарды мемлекеттік тілге тегін оқыту.
Іске асыру мерзімдері	2005-2006 жылдар
Қаржыландыру көздері	Бағдарламаның қаржылық қамтамасыз ету облыстық бюджет, қалалар мен аудандар бюджеттері, сонымен бірге қазақстан Республикасы Заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да Көздер есебінен жүзеге асырылады Бағдарламаның болжамды құны 2005 жылы - 7,704 млн.теңге, 2006 жылы - 7,302 млн.теңге
Күтілетін нәтижелер	Бағдарламаны жүзеге асыру облыс аумағында пайдаланылатын тілдердің қолдануы мен дамуы үшін оңтайлы жағдайлар жасауды көздейді

2. Кіріспе

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған "Ана тілі" облыстық бағдарламасы екі жылға арналған. Бағдарламада облыста тіл құрылысының мақсаттары мен міндеттері анықталып, оларды іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері белгіленген.

Бағдарлама қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 550 Жарлығына, қазақстан Республикасы үкіметінің 2003 жылғы 9 сәуірдегі "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2003-2004 жылдарға арналған іс шаралар жоспары туралы" N 344 қаулысына сәйкес әзірленген.

Бағдарламаның өзектілігін қоғамдағы тіл проблемаларын шешуге байланысты іс-шараларды іске асыруды мемлекеттік қолдаудың қажеттілігімен анықталады. Тіл проблемаларының оңтайлы шешілуі ұлтаралық қатынастар тұрақтылығының, халықтардың тұтастығын нығайтудың және қоғамдық келісімді сақтаудың қажетті факторы болып табылады.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Облыстағы бүгінгі таңдағы тілдік жағдайға жасалған талдау "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңы қабылданған сәттен бастап және қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы N 4106 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығымен бекітілген "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын" іске асыру барысында 1998-2004 жылдар аралығында қоғамдық өмірдің барлық негізгі салаларында тіл құрылысы үрдістерінің одан әрі кеңеюі мен тереңдеуі үшін алғышарттар жасалғанын көрсетеді.

Облыстық мәслихаттың 2002 жылғы 24 маусымдағы (II сайланған XX сессиясы) N 52/20 шешімімен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2002-2003 жылдарға арналған "Ана тілі" облыстық бағдарламасы мен облыс әкімдігінің 2004 жылғы 28 маусымдағы бекітілген "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004 жылдарға арналған іс шаралар жоспары туралы" N 176/6 қаулысына сәйкес мемлекеттік тілді дамыту, оның білім беру, мәдениет, мемлекеттік органдар саласында қолданылуы мемлекеттік тілде іс жүргізуде жоспарлы шаралар іске асырылған.

Облысымызда оларды іске асыруда нақты жұмыстар жүргізілді. үйлестіру кеңесінің отырысы өткізіліп, онда ғылыми-лингвистикалық қамтамасыз ету

мәселесі талқыланып, оқырмандар, оқушы жастар мен оқытушылар арасында сұранысқа ие болып отырған Павлодар мемлекеттік университеті ғалым-лингвистерінің ғылыми жұмыстары көрсетілді. Олардың қатарында 30 томдық орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктер, Павлодар облысының топонимдер сөздігі, өңірдің атақты адамдары туралы "Рухнама" айдарымен шыққан кітаптар болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік қызметкерлермен өткізген кеңесінде қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін "Бірыңғай мемлекеттік тіл" күнін өткізуге ұсыныс жасалған болатын. Біздің облысымыз осы ұсынысты алғашқылардың бірі болып қолдады. Тілдерді дамыту департаменті облыста әрбір айдың бірінші сәрсенбісінде "Бірыңғай мемлекеттік тіл" күнін өткізуді дәстүрге айналдырды. Акцияның басты мақсаты қазақ тілінің әлеуметтік-коммуникативті аясын кеңейту болып табылады. Ай сайын өткізілетін бұл шара облыс өмірінің барлық саласында қазақ тілінің белсенді қолдану тәжірибесін енгізуде маңызды орын алады, себебі, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен оның басшылары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыруда негізгі жауапкершілікті көтеретін болды.

Облыс көшелерінде орналасқан көрнекі ақпараттардың, маңдайшалардың, стендтер мен билбордтардың мәтіндер мазмұнын Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңына сәйкестендіру үшін рейдтер ұйымдастырылды. Тексерістердің нәтижелері тіл туралы заңнаманың нормативтік талаптарының бұзылу фактісінің жиі кездесетінін көрсетуде.

Өзге ұлт өкілдері арасында "Мемлекеттік тіл-менің тілім" ("Государственный язык - мой язык") атты облыстық конкурс, мемлекеттік мекемелердегі аудармашылардың кәсіби деңгейлерін анықтау үшін "үздік аудармашы" ("Лучший переводчик") облыстық конкурстары ұйымдастырылды.

Тілдерді дамыту департаментінің жұмысы мен ұлттық тілдердің жағдайын, сол сияқты озық мәдениетін насихаттайтын "Тілтаным" жинағы шығарылды. Қазақстан халықтарының тіл күніне орай Қазақстан халықтары тілдерінің республикалық фестивалі шеңберінде "Тіл - достықтың құралы" ("Язык средство дружбы") атты концерт-шоу өткізілді. Бұл шара тіл айлығының қорытындысы болды, оның жоспарына мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеретін шаралар енгізілді.

Солай десек те облыстағы мемлекеттік органдарда қазақ тілінің қолданылуы тіл туралы заңнама талаптарына әлі күнге дейін сәйкес келмеуде. Қазақстан Республикасы үкіметінің 1998 жылғы 14 тамыздағы "Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы" N 769 қаулысының 1-тармағындағы іс жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңімен көшіру туралы 1-

тармақшасы мен аталған қаулының 2-тармағындағы мемлекеттік тілді білу және оны оқып үйренуге қатысты кәсіптік талаптар орындалмауда. қазақ тілінің қолдану деңгейі әлі де мемлекеттік органдарының жұмысында жеткіліксіз екенін атап өту керек. Лауазымдық қызметті жүзеге асыратындарың ішінде мемлекеттік тілді меңгерген мамандар өте аз болуда.

Осы күнге дейін барлық мемлекеттік органдарда қазақ тіліндегі құжат айналымы орыс мәтінін қазақшаға аудару арқылы жүзеге асырылуда, олай болса, құжаттарды қазақ тілінде дайындау тәжірибесін қалай енгізбекшіміз. Облысымыздың Баянауыл, Лебяжі, Май аудандары, ал 2004 жылдан бастап Ақтоғай ауданы іс-қағаздарын негізінен мемлекеттік тілде жүргізе бастады, ал іс жүзінде мемлекеттік органдардың басым көпшілігінде бұл жұмыс кейбір құжаттарды орыс тілінен қазақ тіліне аударумен шектелуде, ал мемлекеттік тілде хат алмасу нақты, тұрақты және жүйелі болуы керек.

Сондай-ақ, облысымыздың көптеген мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарында барлық коммерциялық, қаржы және статистикалық құжаттар орыс тілінде ғана жүргізіледі, шығыс және кіріс құжаттары да тек қана орыс тілінде т і р к е л е д і .

2007 жылы облысымыздың іс-қағаздарын қазақ тіліне көшіруді аяқтау керектігін ескерсек, осындай шараға дайындығымыздың жеткіліксіз екенін мойындауымыз керек. Сондықтан аталмыш Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі мемлекеттік қызметкерлерді қазақ тіліне оқыту болып табылады.

Мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін қолдану мен дамытуда белгіленген шараларды іске асыру ең алдымен, мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілге оқытуды көздейді. Айта кету керек, жекелеген мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін оқыту курстары болғанымен көп жағдайда сабақ талапқа сай өтпейді. Павлодар облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері басқармасының берген мәліметтеріне қарағанда қазіргі уақытта әкімшілік мемлекеттік қызметте 5000-ға жуық қызметкер бар екен, олардың 1000-ы ғана қазақ тілін еркін меңгеріп, іс қағаздарын жүргізе алады. қазақ тіліне үйренуге қызығушылық білдіргендер санының күн сайын өсіп отырғандығын ескеретін болсақ, оқу орталықтарын ашу өзекті мәселеге айналып отыр. Осы мәселені шешудің негізгі бір жолы облыстық " А н а т і л і о р т а л ы ғы н " а ш у .

Мектеп және мектепке дейінгі білім беру жүйесінде де мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудің міндеттері тұр. қазіргі уақытта облысымызда 72 балабақша жұмыс істеуде, оның ішінде тек қана 8-і тәрбие және оқу жұмыстарын қазақ тілінде жүргізеді. 58 аралас балабақшадағы қазақ тілін меңгеру деңгейі көңілден шықпауда. Жаңа қазақ балабақшаларын ашу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналуда. Себебі сұраныс тек жергілікті ұлт өкілдері жағынан ғана емес, өзге ұлт өкілдері тарапынан да кездесуде. Орыс балабақшаларындағы қазақ

тілі кабинетінің болуын алға тарту, бұл жағдайдан шығудың жолы бола алмайды. қазақ тілі кабинетінің ашылуы немесе болуы қазақ тілін игерудің көзі бола алмайтынын тәжірибе көрсетуде.

Білім департаментінің берген мәліметтеріне қарағанда облысымыздағы аралас мектептерді 2015 оқу жылына дейін бір тілді мектептерге көшіру жоспары бекітілген. Осы жоспар бойынша 2003-2004 оқу жылында 4 аралас мектеп, ал үстіміздегі 2004-2005 оқу жылында тағы да 4 мектеп қазақ тілінде оқытуға көшіріледі, сөйтіп облыстағы 469 мектептің 147-сі қазақ тілінде оқытатын мектептер қатарында болады.

Орыс мектептеріндегі 2-11 сыныптарда қазақ тілі сағаттарын аптасына 1 сағатқа арттыру жоспарланып отыр. қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдерге материалдық көтермелеу шарасын қолданса игі іс болар еді. Кәсіптік-техникалық училищелерде де қазақ топтарын ашу да жоспарланып отыр. Жоғарыда аталған бұл шаралар мәселенің бір бөлігін ғана шешуді көздейді.

Облысымызда жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға да қазақ тілін үйренуге жағдай жасалуда, нәтижесінде облысымызда 61 оқушы өз ана тілінде білім алады.

Ауылдық жерлердегі қазақ мектептерінің ең басты проблемасы жоғары білімді қазақ тілі пәні мұғалімдерінің жетіспеуі болып қалуда. әр түрлі себептерге байланысты, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қарай, жастар негізінде қалада қалуға тырысады. Ауыл мектептерінің мәселесін оңтайлы шешу мақсатында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде " қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығы бойынша қосымша топ оқытылуда. Осы топқа түскен 22 студенттің әрқайсысы үш жақты шартта көрсетілген аудандарға барып, кемінде үш жыл ұстаздық етуге міндетті.

Қазақ тілін жете меңгерген өзге ұлт өкілдері - студент, оқушы жастармен кездесулер, "дөңгелек үстелдер" өткізілуі керек. қазақ тілін үйренуге деген талаптың артуына байланысты, осындай жолдар арқылы өзге ұлт жастары арасында тілді насихаттайтын орта құруға болады.

Бәріміз де жақсы білеміз, көптілдік бұл - нарық талабы, мемлекеттік тілді білетіндер орыс тілін, оған қоса бір немесе екі тілді қоса меңгерсе, бұл экономикалық жағынан тиімді, әрі өскелең жағдайдың сұранысына жауап береді. Мемлекеттік тілді іскерлік қарым-қатынасқа енгізуді штатқа аудармашы алумен шектеуге болмайды. Бұл жұмыс кешенді түрде жүргізілуі керек, әрі мемлекеттік тілді үйренуге құлшынысты арттыратын, іс жүзінде бұл тілді қолданатын, осы тілде құжаттар дайындай алатын жағдайға жетуімізді қарастырған жөн.

Біздің облыс көпұлтты, сондықтан облысымызда тұратын барлық ұлттардың тілдерін дамыту керек. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 550 Жарлығына сәйкес, тәрбие тілін еркін таңдау құқығының бұл шаралары Қазақстан халықтарының жексенбілік мектептер желісі арқылы іске асуда.

Облыс аумағында тұрып жатқан халықтар тілдерінің қолдануына барлық жағдайлар жасалуда, барлық тілдерге сыйластық көзқарас қалыптасып, олардың ана тілін қолдану құқығы берілген. Бұған Қазақстан халықтары Кіші Ассамблеясының қызметі үлгі боларлық. Бұл ұйым облысымызда тұратын халықтардың мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін дамытуға ықпал етеді. Қазақстан халықтары Кіші Ассамблеясының бастамасымен фестивальдар өткізіледі, олар халықтар бірлігіне, мәдениет пен тілдің өзара нығаюына мүмкіндік береді.

Облыс орталығы Павлодар қаласында орналасқан ұлттық жаңғыру мектебі белсенді жұмыс істеуде. Жаңа оқу жылынан бастап оқу 14 бөлімде жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі балалар үшін этномәдени топ жұмыс істейді. Алайда, оқу-әдістемелік құралдарын шығаруға қаражаттың болмауынан қиындықтар туындауда, себебі мектепте қажетті оқу құралдары жоқ, әрі авторлық оқу құралдарын шығарудың да мүмкіндігі шектеулі.

Немістердің "Возрождение" мәдени-ағарту қоғамының жанынан қалалар мен кейбір аудандарда жексенбілік мектептер желісі жұмыс істеуде. Өкінішке орай, оң тәжірибенің тізімі осымен аяқталуда. Алдағы уақытта Екібастұз және Ақсу қалаларында ұлттық жаңғыру мектебінің филиалдарын ашу жоспарланып отыр.

Қолданылып жүрген заңнамамен анықталған, облыс аумағында тарихи атауларды қалпына келтіру мен жүйелеу және жер-су аттары мен басқа да атауларды фонетикалық, таңбалық және лексикалық принциптерге сәйкестендіру жұмысы жан-жақты жүзеге асырылуда.

Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары салаларында мемлекеттік тілді дамытуда белгілі ілгерілеуге қол жеткізілді. Ауылдық жерлерде клубтар, кітапханалар мен мұражайлар ашылуда. Алайда бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігі орыс тілінде жұмыс істеуде. Сол сияқты заңнамамен белгіленген теледидар мен радиода қазақ тілі мен өзге тілдердегі таратылымдардың тепе-теңдігі әлі күнге дейін көп жағдайларда сақталмай отыр.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаттары:

мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту;

орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау;
этникалық топтардың тілдерін дамыту болып табылады.

Бағдарламаның мақсаттары мына міндеттерді шешуді;
мемлекеттік тілдің мемлекеттік органдар жүйесінде негізгі ресми қарым-қатынас тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз етуді;

мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді өз міндеттерін орындауға қажетті көлемде меңгеруіне шаралар қолдануды;
облыстық бюджеттің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған басқа да көздерден азаматтарға мемлекеттік тілді тегін оқыту курстарының бірыңғай жүйесін ұйымдастыруды;
іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру кестені анықтап, барлық мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілдің іс қағаздарын жүргізудегі негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз етуді;
мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми қолданылатын тіл ретінде орыс тілінің қызмет етуін қамтамасыз етуді;
орыс тілінің білім беру, мәдениет салаларында және бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылуын қамтамасыз етуді; этникалық қауымдастықтар өкілдерінің ана тілін оқулары үшін қажетті жағдайлар жасауды;
облыс тұрғындарының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие беру, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына жағдай жасауды талап етеді.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері

Негізгі бағыттары :

тілдерді қолдану мен дамыту жұмыстарын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету ;

тілдердің мемлекеттік басқару және іс қағаздарын жүргізу саласында қолданылуы ;

білім беру саласында тілдерді дамыту;

тілдерді ұлттық мәдениет арқылы насихаттау, тілдерді қолдану мен дамытуды ақпараттық қолдау болып табылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында:

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңын орындау үшін тиісті ғылыми-әдістемелік, материалдық-техникалық және кадрлар негізін құру;

облыстың қоғамдық өмірінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, социолінгвистикалық зерттеулер жүргізу;

мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мен оқу орындарында тілдерді оқыту сапасын одан әрі арттыру, оларды оқулықтармен, оқытудың техникалық құралдарымен және компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету;

мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің ұсынған бағдарламасы бойынша мемлекеттік тілді оқыту; облыс тұрғындарын мемлекеттік тілді үйренуге ынталандыру жөніндегі іс-шараларды дайындау көзделеді.

Қалалар мен аудандар әкімдерінің, облыс әкімі аппаратының, тілдерді дамыту

жөніндегі басқармасының Бағдарламаны жедел басқару мен оның жүзеге асуын үйлестіруді қамтамасыз ету осы құжатты іске асыру тетігі болып табылады.

6. Бағдарламаны іске асыру көлемі мен қаржыландыру көздері

Бағдарлама облыстық, қалалар мен аудандар бюджеттерінің қаражаттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады.

7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны жүзеге асыру облыс аумағында пайдаланылатын тілдердің қолданылуы мен дамуына мынандай оңтайлы жағдайлар жасауда, атап айтқанда:

қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нақты іске асыруды, оның заң жүзінде бекітілген әлеуметтік функцияларын облыс аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында жүзеге асыруды;

орыс тілінің Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік беретін негізгі функцияларын толық көлемде сақтауды;

облыс аумағында тұратын халықтардың тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін әрбір азаматтың ана тілінде қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін тандап алуға конституциялық құқығын іске асыруға жағдай жасауды көздейді.

8. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған "Ана тілі" облыстық бағдарламасының іс-шаралар жоспары

N p/c	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	7
1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету					
1	Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Облыс әкімі қаулысының жобасы	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2006 жылдың ІІІ тоқсаны	
2. Мемлекеттік басқару, іс қағаздарын жүргізу салаларында тілдерді қолдану					

2	Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңының "Деректемелер мен көрнекі ақпараттың тілі" атты 21-бабының төртінші және бесінші тармағын іске асырудың іс-шаралар жоспарын әзірлеу және көрнекі ақпараттың, маңдайшалардың, облыс қалалары мен ауылдарының көшелерінде орналасқан стендтер мен билбордтар мәтіндерінің ресімделуінде тіл заңнамасының сақталуына бақылау жасау	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, мемлекеттік органдарының басшылары (келісім бойынша) қалалар мен аудандардың әкімдері	2005 жылдың II тоқсаны	
3	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда тілдер туралы заңнаманың орындалуына бақылауды жүзеге асыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	Ұдайы	
4	Мәжіліс залдарын ілеспе аударма құрал жабдықтармен жабдықтауды жүзеге асыру	Облыс әкіміне ақпарат	қалалар мен аудандардың әкімдері, мемлекеттік органдарының басшылары (келісім бойынша)	2005 жыл 2006 жыл	Облыстық бюджет
5	Бекітілген кестеге сәйкес облыс мемлекеттік органдарындағы іс жүргізуді қазақ тіліне көшіруді қамтамасыз ету	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасына ақпарат	қалалар мен аудандардың әкімдері, мемлекеттік органдарының басшылары (келісім бойынша)	Ұдайы	
3. Білім беру саласында тілдерді дамыту және оқыту					
6	Қазақ тілін жетік меңгерген әртүрлі		Облыс тілдерді		Облыстық

	ұлт өкілдерінің қатысуымен облыстық "Тіл жанашыры" форумын өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жыл 2006 жыл	бюджет
7	Қазақ тілін оқытуға бақылау жасау үшін тәуелсіз сараптама комиссиясын құру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жыл 2006 жыл	
8	Қазақ тілі мұғалімдерінің облыстық пән олимпиадасын өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жылдың II тоқсаны 2006 жылдың II тоқсаны	
9	Тіл кабинеттерінің облыстық байқауын өткізуді ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс білім департаменті қалалар мен ауданның әкімдері	2005 жылдың I тоқсаны 2006 жылдың II тоқсаны	
10	Қазақ тілінде білім беретін мекемелерді ұйымдастыру жұмыстарын жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс білім департаменті, қалалар мен аудандардар әкімдері	Ұдайы	
11	"Мемлекеттік тілде сапалы білім беру: бүгін және ертең" атты ғылыми-практикалық конференция өткізу	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасына ақпарат	Облыс білім департаменті	2005 жылдың II тоқсаны 2006 жылдың II тоқсаны	Облыстық бюджет
12	Коллеждер мен кәсіби мектептерде мамандарды қазақ тілінде даярлау жұмысын жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс білім департаменті	2005 жылдың III тоқсаны 2006 жылдың III тоқсаны	Облыстық бюджет
13	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың мемлекеттік тілде білім алуына жағдай жасау	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс білім департаменті	2005-2006 оқу жылы	Облыстық

					бюджет
14	Педагогикалық кадрлардың біліктілігін жетілдіру институтының базасында қазақ, орыс, шет тілдері мұғалімдерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс білім департаменті	Ұдайы	Облыстық бюджет
15	Сорос-Қазақстан қорының бағдарламалары бойынша қазақ мектептері директорларымен семинар ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс білім департаменті	Жарты жылда 1 рет	
4. Ғылыми-лингвистикалық қамтамасыз ету					
16	Мекемелер мен ұйымдарға мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуге практикалық көмек көрсету үшін әдістемелік құралдар шығаруды қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жылдың ІІ-ші жартыжылдығы 2006 жылғы ІІ-ші жартыжылдығы	Облыстық бюджет
17	Павлодар облысындағы тіл мәселелері бойынша социологиялық зерттеулерді жүргізу және тілдік ахуал туралы мәліметтер базасын қалыптастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Павлодар университеті (келісім бойынша)	2005 жылдың ІҮ тоқсаны 2006 жылдың ІҮ тоқсаны	Облыстық бюджет
18	Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастыру (120 адам)	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық департаменттермен басқармалар (келісім бойынша)	2005 жыл 2006 жыл	Облыстық бюджет
19	Павлодар ауданында өне Павлодар	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жыл 2006 жыл	Облыстық бюджет,

	қаласында тарихи-топонимикалық зерттеулер жүргізу				Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер
20	Облыстың әкімшілік аумақтық бірліктері мен физико-географиялық атауларының мемлекеттік тілдегі көрсеткіштерін шығару жұмысын жалғастыру (әліпбилік ретімен)	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жылы 2006 жылы	Облыстық бюджет
5. Тілдерді ұлттық мәдениет арқылы насихаттау, тілдерді қолдану мен дамытуды ақпараттық қамтамасыз ету					
21	Көлік, байланыс, сауда, білім беру, денсаулық сақтау және тұрмыстық қызмет көрсету салаларында, анықтамалық-ақпараттық қызметте мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету	Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасына ақпарат	Қалалар мен аудандардың әкімдері, облыс мемлекеттік органдарының басшылары (келісім бойынша), тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	Ұдайы	
22.	Облыс орталығында "Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде" билбордын орнату	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жыл	Облыстық бюджет
23	Қазақ тілін дамыту, іс жүргізу, терминология мәселелері бойынша аймақтық ғылыми конференциялар өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша), облыс тілдерді дамыту жөніндегі	2005 жыл 2006 жыл	Облыстық

			дегі басқармасы, облыстық "қазақ тілі" қоғамы (келісім бойынша)		бюджет
24.	Өңірге белгілі қазақ тілін меңгерген адамдармен өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен телебағдарламалар ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Қазақстан-Павлодар ТРК (келісім бойынша), ПаУ (келісім бойынша)	Жыл сайын	Облыстық бюджет заңнамалық актілермен тыйым салынбағандар
25.	Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге жәрдемдесетін ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен "Сегіз қырлы әкім" конкурсын ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Қалалар мен аудандардың әкімдері, облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	Жыл сайын	Облыстық бюджет
26	Мемлекеттік мекемелер мамандары арасында "21 ғасырға мемлекеттік тілмен" атты конкурс өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс департаменттері, басқармалар (келісім бойынша)	2005 жылдың II тоқсаны 2006 жылдың II тоқсаны	Облыстық бюджет
27.	Студент жастардың қатысуымен "Мемлекеттік тілді білу - уақыт талабы" тақырыбына дөңгелек үстел ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жыл 2006 жыл	Облыстық бюджет
28.	Өзге ұлт өкілдері жастарының қатысуымен облыстық "Мемлекеттік тіл менің тілім" конкурсын өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, облыс мәдениет басқармасы, облыс білім департаменті, қалалар мен	2005 жыл 2006 жыл	Облыстық

			аудандардың әкімдері		бюджет
29	Ұлттар дамыту қолдану болғар, тілдерін және мақсатында белорус оқу-әдіс кұрал шығару	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы (келісім бойынша)	2005 жыл 2006 жыл	Облыс тық бюджет
30	Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясының ұлттық мәдени орталықтары басшыларының қатысуымен "Бірыңғай мемлекеттік тіл саясатын жүргізу" тақырыбында дөңгелек үстел өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы (келісім бойынша)	2005 жыл 2006 жыл	Облыс тық бюджет
31	Павлодар облысының аумағында тұратын ұлттардың ана тілдерінде көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық байқауын өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, облыс мәдениет басқармасы, Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы	Жыл сайын	Облыс тық бюджет
32	Қазақ тіліндегі іс жүргізуді енгізіп отырған мекемелердің негізінде тәжірибе алмасу семинарларын ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, семинар өткізілетін мекемелердің басшылары (келісім бойынша)	2005 жыл 2006 жыл жылына 2 рет	Облыс тық бюджет
33.	Облыстағы мектептері ауыл үшін "Қазақ тілі мен әдебиетінің	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, С.Торайғыров	2005 жыл 2006 жыл	Облыс тық

	мұғалімі" мамандығы бойынша облыс әкімінің грантымен білім алып жатқан 22 студенттің оқуларын жалғастыру		атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша)		бюджет
34.	"Тіл-достықтың құралы" атты (Қазақстан халықтары тілдерінің VII-VIII республикалық фестивалі шеңберінде) мереке өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Қалалар мен аудандардың әкімдері, тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы (келісім бойынша)	Жыл сайын	Облыстық бюджет
35	Ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдері мен ұлттық жаңғыру мектебінің оқытушыларының қатысуымен "Ана тілді оқыту проблемасы" тақырыбында конференция өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, ішкі саясат департаменті, білім департаменті, Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы (келісім бойынша)	Жыл сайын	Облыстық бюджет
36.	"Тілтаным" хабаршы-альманағын шығаруды жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жыл 2006 жыл әр тоқсан	Облыстық бюджет
37	"Ертіс дидары" газетін шығаруды жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, облыстық "Қазақ тілі" қоғамы (келісім бойынша)	Ай сайын	Облыстық бюджет
38.	Әдеби "Айдын" альманағын шығаруды ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, "Сарыарқа самалы" газетінің редакциясы	2005 жыл 2006 жыл тоқсан сайын	Облыстық

			(келісім бойынша)		бюджет
39.	"Сарыарқа самалы" газетінде арнайы әдістемеліктанымдық "Туған тіл" қосымшасын шығаруды ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, "Сарыарқа самалы" газетінің редакциясы (келісім бойынша)	Ай сайын	Облыстық бюджет
40	Жергілікті дарындарды қолдау мақсатында облыстық теледидармен радиода ақындық мүшайра-конкурсын ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Қазақстан-Павлодар ТРК (келісім бойынша), облыс тілдер жөніндегі басқармасы, облыстық "Қазақ тілі" қоғамы (келісім бойынша), Павлодар облысы әкімінің "Павлодар радиосы" МКК (келісім бойынша)	2005 жыл 2006 жыл	Облыстық бюджет
41.	Ұлттық жаңғыру мектебінің ұстаздарымен "Тіл-менің достығым" тақырыбында дөңгелек үстел өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	Ұдайы	Облыстық бюджет
42.	"Бірыңғай мемлекеттік тіл күні" акциясын өткізуді жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	әр айдың бірінші сәрсенбісі	Облыстық бюджет
43	Облыстың қалалық және аудандық			Тоқсан сайын	

	ономастика комиссияларының төрағалары мен хатшыларына тіл мәселесі бойынша семинарлар өткізуді ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы		
44.	Облыстық "үздік аудармашы" конкурсын өткізу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	Жыл сайын	Облыстық бюджет
45.	Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің дәстүрлі облыстық конкурсын ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	Жыл сайын	Облыстық бюджет
46.	"Тіл өнері" халық университетінің жұмысын жалғастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, облыстық "Қазақ тілі" қоғамы (келісім бойынша)	Тоқсан сайын	
47.	"Қазақ тілін үйренеміз" айдарымен теле-радио бағдарламаларды дайындауды қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	2005 жыл 2006 жыл	Облыстық бюджет
	Жиыны			2005 жыл 2006 жыл	